

Л 2007
98 к

ЕКТЕП КИТАПХАНАСЫ

ТЕШ
ҚЫРҒЫЗБАЕВ

ТАРЛАНБОЗ
ТӘКЕН



Өтеш ҚЫРҒЫЗБАЕВ

Тарланбоз Тәкен



Алматы
2006

ББК 84 Қаз7-44
Қ 88

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.

Қ 88 Ө.Қырғызбаев. Тарланбоз Тәкен. — Алматы:
ҚАЗАқпарат, 2006. — 80 бет.

ISBN 9965-654-18-2

Жазушы Өтеш Қырғызбаевтың бұл кітабы қазақтың көрнекті қаламгері Тәкен Әлімқұловтың балалық, жастық шағы өткен кіндік кескен туған жерін шығармаларына алтын арқау, өміршең өзек етіп, соңғы демі біткенше теріскей өлкесін жырлап өткен асқақ үніне арналады.

ББК 84 Қаз7-44

К $\frac{4702250201}{00(05)-06}$

ISBN 9965-654-18-2

© «ҚАЗАқпарат», 2006

СӨЗ БАСЫ

**Жұрт күлгенмен,
Қаратау күлмейді.
Тәкен.**

Ілуде бір кездесетін сирек талант иесі Тәкен Әлімқұлов табиғат берген бойындағы дарын отын тұтатып, таусылмас шабыт қайнарын туған жер-өскен ортаны Темірқазық етіп, кең арналы тақырыпта қалам тербеумен өтті. Көне Бабата төскейінен апыл-тапыл басқан сәби баладан, төрткүл дүниені аралап кетіп, сол туған топыраққа жамбасы жерге тиген аралықтағы өмірінде алтын бесікке арнап, сөз маржанын теруді мұрат еткен Қаратаудың төл перзенті Тәкен Әлімқұлов туралы толғауы тоқсан сөз арнауымыздың жазушы тілімен айтсақ, “гәбі” бар.

Жері-сортаң, жазы-аптап ыстық, қысы-қытымыр, табиғаты қатал шөлейтті аймақ Созақ десе – сырт елдің түсінік-түйсігі мүлде кереғат бұл өлкенің бөлекше бітім-жаратылысын, мінез-құлқын, тектілік қадір-қасиетін, екiнiң бiрi аңғара бермейтiн әсемдiгiн сезiну үшiн Тәкеннiң, туған жерге ынтық, нағыз қаламгер-перзенттiң көзiмен қарау керек шығар, бәлкiм...

Буыны бекiп, топшысы қатайып, Терiскейден түлеп ұшқан қаламгер бүкiл саналы ғұмырын iрi, ордалы мәдениет ошақтары – Шымкент, Алматы, Мәскеу қалаларында өткiзiп, сыртта жүрiп, тек туған жер туралы ой толғап өтуi тектен-текке болмаса керек.

Туған жердiң тау-тасын, өзен-суын, сай-саласын, бел-

белесін, жал-қобысын, бұл өлкенің кешегі мен бүгінгі шежіресін бүге-шігесіне дейін Тәкенше әспеттеп көрсету екінің бірінің қолынан келе де бермес.

Тәкеннің кіндік кескен жасыл белес көне Созақтың қақпасы іспеттес Көсегенің Көкжонын көрген Асанқайғы: “Әттең, Көсегенің Көкжоны-ай, саңлақтың сауырындай екенсің!” – деген екен.

Тәкенше зерделеп, бейнелеп айтсақ, “теңіз деңгейінен 2716 метр биіктіктегі” Көсегенің Көкжанынан бастау алатын алтын бесік “әрбір тасында санасызды ойландыратын, саналыны толғандыратын шежіре бар”, “аумағы Бельгияның көлеміне бара-бар. Былайша айтқанда, кішігірім мемлекеттің жері”, “көне тарихта Қазақ-Созақ қатар аталатын” Теріскей төскей “бір шеті ежелгі Құмкент-Саудақент, екінші шеті сонау Жаңақорған тұсындағы Ақсүмбе-Сауысқан. Екеуінің арасы 300 шақырымға жуық. Мұны місе тұтпай, малшылар сонау Қоңырға, Бетпақдалаға шығып кететін”, “Бетпақтың бергі шеті Шу, Шудан бері қарай Үшкөкшенің құмы басталатын”, “Осы құмдарда — Мойынқұм, Үшкөкшеде. . . зерттеудің нәтижесінде сегіз миллион бас мал ұстауға болатын”, “Қаратау – Сыр мен Сарыарқаның арасында көлденең тартылған арқалық секілді. Теріскейіне шілдеде күнгейдің керімсалын өткізбесе, күнгейіне қаңтарда Арқаның ақ боранын өткізбейтін, ыстыққа да, суыққа да өзі төзіп, байтақ атырапты мәңгілік панаға алған. Бұлты басында, берекесі баурайында. Екі сайының бірінен бастау басталатын бұлақ ағып, сарқылмас мейіріммен Сарыарқаға қарай да, Сырға қарай да тынымсыз құятын” туған жер төскейін қаламгер перзентінің бойына дарытқан тәлімі мен әсерінің ықпалы шексіз болса керек.

Осындай шежіреге бай өлкеде туып-өскен Тәкеннің тұла бойын сезім кернеп, ой тербейтін ақын болып, жазушы болып жаратылмауы мүмкін бе? Туған жердің тағдыр-тарихы, табиғаттың тылсым күші Тәкендей тума талант иесін мезгіл жаршысындай дүниеге алып келеді.

Қасиетті Ысқақ бап, Бабай Түкті Шашты Әзиз, Қарабура, Саңғыл ата әулие-әмбиелердің өмір кешкен жері, Ұлы Жібек жолы шеру тартқан бұл өңірдің көзбен көрген шындығын жазып қалдырар Тәкендей перзенттер керек-ақ шығар.

Көзі тірісінде мансап-атақ қумаған, барды қанағат тұтатын, адам бетіне келмеген, осы жұмсақ мінезі үшін тәперіш-

қақпайлаулардың талай құқайын көріп, өмірдегі сыбағасынан құр қалған Тәкен Әлімқұлов сол кезде-ақ күйбең тірліктегі батбақ-ұйықтардан табанын аршып алып, тым биікке шарықтап кеткен еді. Қаладан қағажу көрсе – қолын бір сілтеп ауылына, туған жерге тартып кететін “ақырғы демі біткенше көкірегінен шер кетпеген, өзі туып-өскен жерді жанына балап, жүрегіне санап жүрген мұңды адам” сонда да бақталас күйбең тіршіліктен күдерін үзбей, келешекке үкілі үмітін жалғап өтті.

Өз елін, өз жұртын ұлы аспандатса, халық та өз ұлының мәртебесін биіктетіп, ардақ тұтады. Кешегі Қаратаудың шыңдарынан қанат қағып ұшқан қырандай қазақ әдебиеті атты киелі шаңыраққа бір-бір уық болып қадалған шоғыр жұлдыз жерлес қаламгер ағалар мен әпке – Тәкен, Сәуірбек, Асқар, Төлеген, Бәтималар бұл күнде туған жер төсіндегі биік тұғырда өшпес рұхқа айналған. Созақ ауданының ауыл-селоларындағы мектеп-интернатқа Тәкен Әлімқұловтың, орта мектептерге Асқар Сүлейменов пен Бәтима Батырбекованың, көшеге Төлеген Тоқбергеновтің есімдерінің берілуі жерлестерінің қаламгер ұлдары мен қыздарына деген ыстық ықыластарының жарқын көрінісі іспеттес.

Сол кешегі қаламгер ағалармен Алатау баурайындағы ару қала Алматыда талай жылдар аралас-құралас, дәмдес-тұздас болып бірге жүріп, сырласқан ізбасар інілері ретінде сол күндер сартап сағынышқа айналып, ағаларымды жоқтап, көңіл қобалжып, ақ қағазға естелік қалдыру мен үшін тағдырдың маңдайға жазған шарасы болар. Бұл дүниеге бір-ақ рет келетін сондай талант иелерімен тұстас өмір сүру, жүзбе-жүз жүріп, пейілдесу, кішілік ізет көрсету өмірімдегі ең бақытты да, айтулы шақтарым деп есептеймін.

Уақыттың адуынды екпіні өз өктемдігін жүргізіп, алға зымырап, қаншама жылдар өтсе де сол ағаларымның тұлғасы биіктеп, шыңға айналып бара жатқандай...

БІРІНШІ БӨЛІМ

ҚАЗАҚ-СОЗАҚ — БІР ҰҒЫМ

Жазушының әрбір шығармасында басты кейіпкердің жандүниесі, елге деген ынтық ықыласы қаламгердің ой-ниетінің, арман-мақсатының айнасындай көрініс тауып жатады. Қаламгер “Ақбоз ат” романында республикалық газеттің қызметкері журналист Елеусіз Досов ретінде туған жердің тау тасын аралап, бұл өлкенің қадір-қасиетін көпшілік оқырманға жеткізуге талпынады.

«..Елеусіз сөзін қайта сабақтап, Қаратаудың бүгінгі келбеті туралы, оның кең байлығы, өріс шұрайлылығы туралы айтып кетті.

— Сіздер мекендеп отырған Қаратау талай алыс ертегінің, арманшыл аңыздың, аяулы дастанның алтын бесігі еді... Кендебай батыр мен Қамбар батырдың, Алпамыс батыр мен Қобыланды батырдың аң аулаған ырысты өрісі еді. Бұған Шолпан қыздың әкесін шауып алатын есімі ыңғайсыз батырды қоссақ; сонау Аягөзге осынау Дегірездің түбінен аттанған Қозы Көрпешті қоссақ; Мұңлық-Зарлық, “Сауда Ишан” тәрізді көп-көп хиссаларды қоссақ; — қазақ эпосының дені кәрі Қаратаумен кіндіктес екенін танимыз... .

Елеусіз Қаратаудың төл тарихын да еске алып өтті. Жоңғардың түмен қолына төтеп берген; Құмкент, Саудақент, Бабата, Созақ секілді ежелгі шаһарларын Шыңғыстың зеңбіректі әскері жермен жексен етіп жойып жібергенде де тізе бүкпеген тәкаппар тау еді, бұл! Иран басқыншылығына тойтарыс бермек боп, үш жүздің баласы бас қосып, пәтуә байласқан уәлі жер де осы таудың құйылысы. Аты шулы “Алқа көл сұлама, ақ табан шұбырындыдағы” жалпақ елдің

Қаратауға жосығаны және мәлім. Бүкіл бір халықтың елдігін талай рет сақтап қалған қарапайым кәрі діңгек – маған сондайлық қалтарысты қалыптарымен, қасиетті мазмұнымен ыстық. Әр буынның тағдырына, намысына ортақ шеңбер шежіре әрқашан отаншылдыққа, бауырмалдыққа меңзейді, Бетбақтың меңіреу даласында жамбасы жерге тиген әкешешемнің де жүрегі Қаратауда, үміті Қаратауда, келешегі Қаратауда деуім сондықтан еді!..»

Қаламгер туған жерге, өскен ортаға деген жүрек түкпіріне құндақталған ыстық сезімін, іңкәр сезімін осылай тербейді. Қарт Қаратау, тегеурінді Теріскейін биіктетіп көрсету үшін құдіретті көркем сөздің інжу-маржандарын, теңдесі жоқ теңеулерді табуға ұмтылады.

Кіндік қаны тамған, балалық бал дәурені өткен алтын бесікті шығарма, төл туындысына арқау ету әрбір суреткерге тән құбылыс. Ыстық ортаға деген іңкәр сезімін қалай жеткізу – ол көп ретте адамның көрегендігіне, ақыл-парасатына, көңіл көкжиегінің кеңдігіне байланысты.

Туған жердің қадір-қасиетін суретші қыл қаламмен дәл табиғи күйінде өрнектесе, күйші әуезбен домбыра шанағына қондырады, ақын жыр маржандармен өрнек салады. Тәкендей тарланбоз талант иесі туған Теріскейін жер жаннаты етіп, оған дүниеде тең келетін өңір жоқтай мәртебесін биіктетіп көрсетеді. Расул Ғамзатов таулы Дағыстанын зор шабытпен, ағыл-тегіл сезіммен жырласа, Тәкеннің құдіретті қаламы да туған жерге келгенде көсіліп ала жөнеледі.

Осы өңірде “жамбасы жерге тиген әке-шешемнің де жүрегі Қаратауда, үміті Қаратауда, келешегі Қаратауда” деп, бүкіл жарық дүниедегі тіршілігін, тіпті, жұмыр басты пенде ретінде күні ертеңгі көзі жұмылғандағы ақыреттік ғұмырын да туған жермен тағдырлас ету, туған топыраққа телу суреткердің суреткерінің ғана қолынан келер шеберлік дер едік.

“Қаратау – тұл ғасырдың тұмарындай,
Қайғының қара тасқа тұнарындай.
Сарыарқа, күрең Сырдың арасында,
Көңілдің қараңдаған құмарындай!”

¹ Т. Әлімқұлов “Тұлпарлар тағдыры” А., 1975 ж.

Халқымызда: “Ер жігіт туған жеріне”, – деген ұғым бар. Тәкен Теріскейде туып, табиғат берген талантын ұштау мақсатында білім іздеп ұзап кетсе де, алыс астаналарда қызмет атқарса да, туған жерін аңсаумен, сағынумен өтті. Сол сағыныш жүрек түкпірінде сартап болып сақталып, қаламгер шабытының қайнар көзіне айналды.

Күнделікті төскейінде қызмет істеп, тау-тасын, өзен-суын, сай саласын көріп жүріп, оның ерекшеліктерін елей бермеуіміз де мүмкін.

«Ақбоз ат» романындағы бас кейіпкер журналист Елеусіз Досовтың көзімен, талғамымен туған жерге деген ыстық ықыласын, ынтызар көңілін жеткізсе, «Кертолғау» атты деректі әңгімесіндегі бас кейіпкер этнограф Боранбаев байтақ Теріскейдің о шеті мен бұ шетін бірде жеңіл машинамен, бірде самолетпен, бірде атпен, бірде жаяу жалпылап аралайды. «Керілген кең даланың» үдесінен шығу қиын. Осы даланың үстінен қарауыл қараған қаңқалы Қаратау қанша ұзасаң да көз жаздырмайды.

– Таңсықбай осы ауданға аракідік айналып соғуға құмар, – деп қаламгер әңгіменің бас кейіпкері этнограф Боранбаевтың² бүкіл толқынысын өзінің түйсік-сезімімен егіз етіп алып, төгіле, толқи суреттейді. – Қазақтың қара шаңырағы Қаратау деген ұғым миына сіңіп кеткендіктен келгіштей береді, келген сайын тауып жатқан олжасы, ашқан жаңалығы шамалы. Баяғы тарих, баяғы аңыз, баяғы ертегі. Кәрі таудың жан баспас қиясына, мұғал тастарына түскен таңбалар оған бас саусағындай белгілі. Тілі мүкіс шежірені қаужай-қаужай шаршағанда, бөгде біреудің отбасы, ошақ басында сайраған қазынаға душар боламын деп ойламағанды.

Теріскейдің тау-тасын, өзен суын табиғаттың тамылжытып жарата салған інжу маржанындай суреттеген Тәкең осы өңірден түлеген өнер саңлақтары, шертпе күйдің шеберлері, күйшілері туралы жазғанда талант шеберлікті тапқырлықпен, көркемдіктің кемеліне келген келісті әдіс-тәсілдерімен өрнектеп береді. Қазақ әдебиетінде күйші мен қобызшының болмысын, саздың терең оймен астасқан жаратылысын, толқуы мен жан дүниесіндегі буырқанысты Тәкеңдей

²Т. Әлімқұлов «Кертолғау» А., 1973, 7-б.

оқырманға қаз-қалпында жеткізген қаламгер некен-саяқ шығар. «Әуелі әр түрлі күйдің, сарынның, әуеннің басын шатып-бұтып, шерсіз шерткенді ермек етіп отыр. Құлақ күйіне орайлас ызыңдардың өзі баурап барады. Бірте-бірте Сүгірдің кәнігі күйлеріне ауысты. «Ілмені», «Бозінгенді», «Шалқыманы» тартып шықты. Бұрын шертісі Сүгірдің көзі тірі ізбасарларынан – Төлеген Момбековтен, Генерал Асқаровтан, Ергентай Борсабаевтан бөлек. Нарын турағандай майда. Бипылдаған биязы жібек дыбыстар қоңыр күздің сары желіндей ызыңдап, белестің сағымындай нәзік толқып, титық құртады. Тыңдаушыдан шыбын ұшпас тыныштық тілейді. Көлденең сыбыр-күбір, оқыс жөтеліс бола қалса, нәшті де нәзік күй үзіліп кететіндей. Сиқырлы, сұлу шертіс кең бөлмеге берекелі тыныштық орнатып, жұртты түгел еліктіреді».

Жазушының туған жердің құстарын, бұлбұл, тұлпарларын, дүлдүл адамдарын түгел әнші-күйші, өнерпаз етіп көрсету сияқты ниеті қалам тербесінен еркін аңғарылып тұрады.

«Бұл ауданда екінің бірі, егіздің сыңары домбыра тартады... Совхозда 167 коммунист болса, соның көбісі домбыра тыңқылдата біледі. Оқтауды домбыра етіп ән салатындары өз алдына. Күй тыңдамайтын құлақ әсте жоқ».

Сүгірдің шәкірті Атабек Асылбековтің шертіндегі «Кертолғаудан» кейін күй ойналмайтынын Сүгірдің өзі өсиет етіп айтып кеткенін құлаққағыс етеді.

Сөз «Кертолғауға» берілді. Домбыра кеш бойындағы кербез китінінен айырылып, ақтарылып қоя берді. Булыға екпіндеп басталған күй бірінші тараудың өзінде қырық құбылып,³ мың бұралып дөңгеленіп тұрып алды. Діңке құртатын дәмді қайырылыс... «Кертолғаудың» екінші тарауы басталғанда, күйшінің шебер саусақтары құлдилап жорғалап, екі ішекті қат-қабат, алма-кезек шалып, бірде толғай, бірде іле, бірде шымшып шертіп, текіректеген дыбыстарды сапырып жіберді. Төрт рет қайталаулар көкейге еріксіз құйылады. Үшінші тарау алғашқы екеуінен де әсерлі шықты. Булыққан, үйірілген, боздаған дыбыстар бас қосып, бейнебір хормен ән шырқағандай, аңқылдап, аңырап кетті. Шанақтың ішінде жатқан сиқыр жыршылар өз тілінде шежіре шертті».

Қаламгер күйді, оның ішінде Теріскей өңірінде өмір

³ Сонда, 10-11-66.

сүрген шертпе күй табиғатын жан-тәнімен түсіне біледі. Күй ызыңынан, ырғағынан мағына-мазмұн іздейді, сыр ұғады. Күймен мұндасады, шер тарқатады, сағынышын басады, үкілі үмітін болашақпен жалғайды.

Осынау «Кертолғауда» ұшы-қиырсыз сахараның сан ғасырлық кейпі, сансыз ұрпақтың бастан кешкен тіршілігі, шері, салтанаты көрініс беріп тұрады. Өмірдің өкініші мен қуанышы аяусыз әлдилейді. «Кертолғау» кейде сайын сахара шырайындай, кейде шаң тимес саңлақтай, кейде саналы салдай елестеп, әр пенденің арманындай әсер етеді. Тіл жеткісіз сұлу дүние көңілдің көзін ашып, ынтық сезімдер туындатады.

Тәкен Әлімқұловтың өзі де бір кісідей домбыра тартатын. Шертпе күйлердің басын шалып, қолы қалт еткенде, содан таусылмас қуат жинайтын. Мәскеудегі шағын ғана пәтерінің төрінде қазақтың үкілі қара домбырасы ілулі тұрса, Сүгірдің, Төлегеннің күй табақтарын ауылға аңсары ауып, сағынғанда ұзақ тыңдап, мауқын басар еді. Ауылға келген сайын қайталанбас дарын иесі Төлеген Момбековтің шертпе күйін өз орындауында тыңдауға асығады. Күйін тыңдап, күйшінің екінің бірі танып біле бермейтін жан сырын ұғынады. Жаратылысы күрделі адамның, оның ішінде күйшінің әуенмен тоғысқан сезімін, ішкі толқынысының иірімдерін дөп басып, танығандай болады. Төлегендей күйшімен түйдей құрдас етіп жаратқан тағдырға ризашылығын да сездірер еді. Сүгір күйшінің қара сөздегі сыңары қаламгер аты машһүр күйшімен бір заманда бір өңірде қатарлас өмір сүруін жаратылыстың басқа берген бағы деп бағалайды.

Тәкен Әлімқұлов күйді адамның қан тамырымен бірге дамыған құдіретті өнер деп бағалап, аса көрегенділікпен зерделеп, бағалай білгендігінен болса керек, Төлегендей қайталанбас дарын иесі, шертпе күйдің шебері қаламгерді аса зейінді, көреген тыңдаушы ретінде бағалап кеткен. Тәкеңдей тыңдаушының алдында күй шерткенде әрбір туындыны барынша нақыш бояуымен, ырғақ иірімдерімен шебер орындауға бар күшін салады. Өте сезімтал, кірпияз күйші Төкеңнің ұстазы Сүгір де тыңдаушының қабілет деңгейіне қарап күй тартқан. Күйді түсіне білмейтін жанның алдында домбыра шертіп, киелі өнерді қор қылмаған. Осы талғампаздығын дұрыс түсінбеген кейбір жандар «Сүгір

қызғаншақ болған» деген жансақ пікірді айтып қалып та жүр. Төлеген Момбековтің қаламгердің күйдің қадір-қасиетін қаншалықты бағамдай алатынын мына бір екеуара әңгімеден байқауға болар еді.

«– Сені жұрт домбыра тартады дейді ғой. Сол рас па?! – дейді Төкең.

– Е, әншейін, алып-қашпа сөз ғой.

Төкең басын шайқайды.

– Әй, қайдам, сенің екі көзің он саусақта болады екен. Өзгелер шерттісі бабар қылмайды.

– Әр нәрсені көзбен көріп, көкейге түю – жазушының әдеті.

– Қорқыттың күйлерін қайдан білесің?

– Менің ағам қобызшы болған.

Төлеген жымиып күлді. Нәзік жанды, сыпайы кісінің шарасыз күлкісі еді.

– Неге күлдіңіз? – деп сұрадым.

– Әншейін бір нәрселер ойыма түсіп кетті.

Біраз томсарылып отырды да сөзін жалғады.

– Өнер ағадан жұқпайды, әкеден жұғады. Тәттімбеттің әкесі Қазанғап – домбырашы. Ықыластың әкесі Дүкен – қобызшы. Сүгірдің әкесі Әлі, ол да домбырашы.

– Сіздің әкеңіз Бапыш, ол да домбырашы болған ғой. – Төлеген тағы да күлді.

– Оны қайдан білесің?

Мен таратып айтып бердім.

– Менің көкейім ұзын да тілім қысқа. Шежіредей сайраған қаламгерлерге ілесу қайда? – деп бір қойды.

Мен музыка тілінің әдебиет тілінен терең екенін, біз түгіл, ұлы жазушылардың өзі осыны мойындағанын айтып едім, Төкең:

– Әй, қайдам?! – деп басын шайқады.

Түнде мен көпке дейін ұйықтай алмадым. Төкең тартқан күй, шерткен сыр маза бермеді. Менің қимай қоштасқаным Төлеген Момбеков болды.⁴

Бірегей тума таланттарды молынан берген Теріскей өңірінің қос саңлақ қазақтың көркем сөз бен күй өнерінің көсемдерінің бір кезеңдерде тұстас ғұмыр кешуі, өзара

⁴ Т. Әлімқұлов. «Шежірелі сахара» А., 1978, 151-б.

жүздесіп, пікір алысып, бір-бірін қастерлеп, мәртебелерін өсіруі ұмытылмас тарихи елеулі оқиға екендігі уақыт өте келе айшықтала түскендей.

Сексенінші жылдары «Лениншіл жас» газетінде қазмет істеп жүргенде белгілі ғалым, жерлесіміз Рахманқұл Бердібаев Төлеген Момбековті ертіп газет-журнал редакцияларына келіп, күйшінің өнерімен таныстырды. Сол кезеңде Мұхтар Әуезовтің музей үйіндегі Халық университетінде өткен күйші Төлеген Момбековпен кездесу сабағы есімде қалыпты. Бұл жүздесуге Алматының зиялы қауым өкілдері, өнер зерттеуші ғалымдар, газет-журнал редакцияларының журналистері, жоғары оқу орындарының студенттері, жалпы өнер сүйер қауым қатысты. Зал іші Төкеңді сырттай жақсы біліп, жүзбежүз қауышуға ынтық жандарға толып кетті.

Күйшімен кездесуді Рахманқұл Бердібаев ашып жүргізіп отырды. Рахаң өткізетін Халық университетіндегі әрбір сабақ тартымды да мазмұнды, ұлтымыздың өнеріне, әдебиетіне, тарихына қатысты ауқымды да, келелі мәселелерді кеңінен көтерумен ерекшеленетін.

Ғұлама ғалым күйші Төлеген Момбековпен болған бұл кездесуді де қызғылықты, тартымды етіп құра білді. Қарапайым ауыл қазағының күй өнеріне қалай келуі, өнерінің өсіп дамуы, шертпе күйдің ерекшелігі, Төкеңнің өткен өмір жолы туралы айтып берді. Әсіресе, Қаратау өңірінде қалыптасқан шертпе күй мектебінің ірі өкілдері туралы да әңгімелеп, туған жер, өскен ортаның мәртебесін көтеріп отырды. Әңгіменің ара-арасында Төкең домбырасын қолына алып күй шертті. Қаратаудың самал желіндей ескен бөлекше сарын, бойды баурап алар лекіген қоңыр әуен емін-еркін көсіледі.

Ара-арасында тыңдаушылар Төкеңе сауал беріп, күйлерінің қалай дүниеге келгендігі туралы айтып беруін өтінеді. Төкең күйдің «әйтеуір, жүгері қуырғандай патырлап» туындай бермейтінін, әр түрлі көңіл күйдің, адам басындағы қуанышты, ренішті кезеңдерде домбыра шанағына ілінетіні туралы, жеке күйлерінің шығу тарихын айтып, соңынан сол күйді шертіп отырды.

Төкеңнің айтқан әңгімесі мен тартқан күйінің арасында ешбір айырым жоқ сияқты. Әңгіме қалай әсер етсе, күй де соны қайталап, тыңдаушыға жеткізер ойын сабақтай түседі.

Алматыға шалғай Теріскей өңірінен келген сирек дарын иесімен жүздесуге келген өнер зерттеуші-ғалымдар Уәли Бекенов, Жарқын Шәкәрімов, күйші Қаршыға Ахмедияров та Төкеңнің күйлерінің ерекшеліктері, озық үлгілері туралы өз тұжырым-ойларын жеткізіп жатты. Өздері де домбыраны қолына алып, Төкеңнің, Сүгірдің шертпе күйлерін нақыш бояумен орындады.

Төлеген Момбековтің кейбір күйлерінде өзі домбырада тартқанда алғашқы орындағаннан араға біраз уақыт салып қайта шерткенде түрлену, өзгешеліктердің байқалып қалатыны жөнінде де тыңдаушылар пікірі айтылып қалды.

Осы кезде соңғы орындарда отырған Төкең орнынан тұрып, бұл пікір жөніндегі өз ойын білдірді.

– Нағыз өлшем өнер туындысы бір қалыптан шыққандай бастапқы болмысында сақталып қалуы сирек құбылыс. Күйші де өзінің төл туындысы – күйін қайталап-орындау барысында ширатып, иуін қандырып, кейбір селдір-селкеу тұстарының тігісін жатық, бас-аяғын жұп-жұмыр, көңілге қонымды, құлаққа жағымды етуге талпынады. Ең бастысы шығарманың желісі, негізгі арқауы, күйшінің ой-мақсаты өзгеріске ұшырамауы тиіс. Төлеген Момбековтің тек бір күйінде ғана емес, барлық күйлерінде, барлық шығармаларында ортақ желі, айнымас арқау бар. Міне, күйшінің жүрегіне, бүкіл жаратылыс-болмысына, түйсік-сезіміне оңтайлы мәнер-екпін, өзгеге ұқсамас бөлек сарын содан қалған. Ол күрделі, құпиясы мол жаратылыстың өнерлі жандардың бойында дарытар сирек сыйы болса керек. Ондай құбылысты бәлкім дарын иесі өскен өлке табиғатының ерекшелігінен, сол ортаның ертеден қалыптасқан жаратылыс-болмысынан іздеген де жөн болар.

Тәкен Әлімқұлов алтын арқау, негізгі өзектің сақталатындығын дүние жүзіндегі ұлы композиторлардың туындыларынан ұшыратуға болатындығын айтып, атақты Глинко шығармаларын мысалға келтірді. Сүгір мен Бапыш, Ықылас күйлеріндегі өзгешеліктерді ұғымға жатық, құлаққа жағымды етіп айтып берді.

Төкеңнің сөзі дүйім жұрт бас қосқан ортада көтерілген пікір туралы әрі-сәрі ойлар туындап, бір байламға табандап, тоқтамай тұрған сәтте елдің бетін, ниетін бір арнаға бұрды. Мұндай зиялы, оқыған-тоқығаны мол ортаға сирек түсіп,

ауылда емін-еркін жүрген, қысылыңқырап отырған Тәкеңнің еңсесін көтеріп, биіктетіп жіберді.

Тәкен Әлімқұлов туған жерге араға біраз үзіліс тастап, ат ізін салмай кетсе, тас қамауда шідерлеп тастаған тұлпардай тыпыршып, дегбірсіздене бастайтын еді.

1986 жылы шілде айында Тәкеңмен Шымкенттегі автостанцияда ойламаған жерден жолығысып қалғаным бар. Аптап ыстықта Тәкең борша-борша терлеп, жон арқасындағы тер көкшіл жейдесінің сыртына шығып кетіпті. Өзімен-өзі оқшау отырған ол кісі ығы-жығы бейтаныс жанның арасынан мені ұшыратқанына қуанып қалды. Көптен көріспеген екеуміз арқа-жарқа қол алысып, амандық-саулық сұрасып жатырмыз.

Тәкең Алматыдан келе жатқанын, таңертең пойыздан түскенін, қаладағы біраз кісілерге жолығып, енді ауылға қарай бет алғанын айтты.

– Ауылда не жаңалық бар? – деп сауал қойды Тәкең. Осы сәт шаршаңқы жүзінде ерекше серпіліс, ойлы жанарында ұшқын оты пайда болғандай әсер етті.

– Ауыл-аймақ тегіс аман. Бұдан бұрынғысынша өмір кешіп жатыр, – деп жауап қайтардым.

Тәкеңнің жүзіне қарасам менің жауабыма қанағаттанбаған сияқты. Бетімнен жанарын алар емес.

– Ел егісін егіп, малын бағып, өз тіршілігін жасап жатыр, – дедім.

Тәкең бұл жауабыма да көңілі толмады. Ауылды сағынып, жүрегі алып ұшып келе жатқан жанның көңіл-күйін дөп басып айтар жауап таппағанымды байқадым. Шынтуайтында, сол кезде талғамы биік Тәкеңдей озық ойлы жанның көңіл-қалауын тауып, жауап қайтару да оңай емес еді. Жайшылықта екі адам жолығысқандағы аудандағы басшы қызметкерлердің ауыс-түйісін айтып, әңгіме желісіне айналдырып, Тәкеңді қызықтыра алмасымды сезгендей едім.

– Сен өзің ешкіммен ақылдаспай «Шуу, қарақұйрық!» деп ауылға тартып кетіпсің ғой? – деді маған өкпе-назын сездіргендей болып.

– Ауылдың не қасиеті барын білмеймін, әйтеуір, өзіне магниттей тартты да тұрды ғой, – деп жауап бердім.

Бұл сөзім Тәкеңе ұнамаған сыңайлы сәл ғана езу тартты.

– Жас кезінде адамға қала дұрыс. Көппен сөйлесіп,

қызметке араласып ашылады. Қала, қанша дегенмен, мәдениеттің ошағы ғой.

Ауылды сағынып келе жатқан Тәкең менің ауылда жүргенімді қаламайтын сыңайлы.

– Туа-бітті ауылда өскен, жусан иісін иіскеп өскен адамға қалаға көндігіп кетуі де оңай шаруа емес, – деп Тәкең екінші бір ойдың ұшын шығарды. – Ауылға келген жақсы, ол сенің жеке ойың, өзгелер сен туралы қалай ойлайды, ол екінші мәселе!

Ол кісінің әрбір сөзі ойымды еріксіз сан-саққа жүгіртеді. Ауылда жүріп, қызмет істеудің қиын екенін де меңзейді. Жастық шақта адам албырттықпен көп нәрсенің байыбына бара бермейтіні, күндердің күні үлкендердің ақылы алдыңнан кесе-көлденең шығарын кеш ұғу екінің бірінің басында бар жағдай.

– Көктемде ауылда жауын-шашын қалай болды? – деп сұрады Тәкең әңгіме ауанын тағы да ауылға бұрып.

Көктемде ауылда жауын-шашынның мол болғанын айттым.

– Ылғал мол түскен жылдары Көсегенің Көкжоны шалғынға бітіп қалушы еді, шіркін!

Ауылды көз алдына елестеткен Тәкең әсерге беріліп үнсіз отыр. Сағатқа қарап, автобустың жүретін уақыты таянған соң, екеуміз орнымыздан тұрдық.

Жаратылысынан қарапайым Тәкең көпшілікпен араласып, кезіккен көлігіне мініп жүре береді. Сол кездің өзінде атақ-даңқы бір басына жетерлік қаламгердің тиісті билік орындарына алдын-ала хабарласып, салмақ салып, жол бастаушы адамдарын, көлігін сайлап, жан-жағын қамдап жүруді қаперіне алмайтын. Жаяулап, жалпылап, кезіккен көлігіне мініп, көпшілік жолаушылармен араласып жүре береді.

Тәкең терезеден сыртқа байырқалап қарап отыр.

– Шығармашылығың қалай болып жатыр? – деп сауал қойды Тәкең арадағы біраз үзілістен кейін.

Алғашқы жарық көрген кітаптарымды Тәкең оқып шығып, пікірін де білдірген.

Үлкен қаламгер ретінде ұстаз санайтын Тәкеңнің мына сауалы тосын естілді. Алғашқы кітаптарым сол кездегі жүйенің, саясаттың талабымен қалыпқа келтіру мақсатында

біраз жұлмаланып, қайта түзеліп жазылып, көлемі шағын болып шыққан еді. Қаламгердің ойы мен мақсаты бұрмаланып жатқан соң, кітап жазудың өзі қиын екен деген оймен жүрек шайлығып, тоқырауды бастап өткеріп жүрген кезі еді ол.

– Бойға біткен бармақтай талантты өшіріп алмау үшін көп еңбектену керек. Ауылда жүріп адамның қарайып кетуі оп-оңай. Қанша дегенмен, ортаның аты орта.

Сол кезде Тәкеңнің «қарайып кетеді» деген сөзінің байыбына жете мән бермеген едім. Кейіндеу зер салып ойласам, ауылдың күнделікті күйбең тіршілігінен жазудан шығып, бірте-бірте көңіл қолаңтақсып, бойға біткен талант шоғын өшіріп алу әбден мүмкін деген ниетте айтқан екен.

«Адамды орта билейді» деген сөзі де жадымда сақталып қалыпты. Алматыдағы қатарлас қаламгерлер, зиялы қауым өкілдерімен күнделікті қызметте, бос кездерде жолығып, пікір алысып, кейде белгілі бір тақырып төңірегінде пікір таластырып жататын кездер адамның төрткүл дүниеге деген көзқарасының қалыптасуына мол ықпал ететінін меңзеген екен.

Өмірде өтпелі, айнымалы, толқымалы кезеңдердің ұшырасып тұратынын көзі ашық, көкірегі ояу жандар пайымдар еді. Мұндай бұралаңдар адамды есейтеді, ширатып, қатайтады. Құпия, қалтарысы мол өмірге деген пайымын топшылау тұжырымын өзгертеді. Кездейсоқ кезіккен жол айрығындағы ауытқу, ұшқарақ шешім қабылдау жас адамға тән құбылыс.

Тәкең сөзге сараң жан. Екінің біріне сыр ашып сөйлесе бермейді. Ол кісімен сырмінез болып, емін-еркін сөйлесу үшін сеніміне әбден кіру керек сияқты. Сеніміне кірген соң, жолығысқан жерде жылы шырай сәлемінді алып, іш тартып тұрады.

Сеніміне кірмеген адамға сыр ашпайды да, өзімен-өзі болып отыра береді.

Әңгімемен жол қысқарды. Жонның үстіндегі ауданның шекара белгісіне таянған мезет Тәкең сөзден тосылып, бар назарын терезеден сыртқа салды.

Автобус ішіне төбедегі саңлаудан қоңыр салқын самал есті.

– Бұл өңірдің ауасы да бөлек қой, байқадың ба? – деп Тәкең мойын бұрды.

Дөңгелек жүзді, жазық маңдай Тәкеңнің ойлы жанарынан ерекше ұшқын отын сездім. Тұла бойы аумалы-төкпелі сезімге толы қаламгер автобустың орындығына сыймағандай арқаланып, ұшып кетер қыран құстай қомданды.

Ұшы-қиырына көз жеткізгісіз жасыл белестер де көк шалғын лекіген самалмен теңіз бетіндегі толқындай жапырылып құбылып тұр.

Автобус ішін әр түрлі шөптердің аңқыған иісі кеуледі.

Көсегенің жонына өрмелеп шыққан автобус белеңге табан тіреген сәт моторының суы қайнап кеткен болуы керек, аялдап тұрды. Жолаушылар жапа-тармағай орындарынан тұрып, сыртқа бет алды.

– Жүр, біз де жерге түсіп, аяқ жазып алайық, – деп түкпірдегі орындықта отырған Тәкең шынтағымен түртіп, орнынан тұруға бейімделді.

Ол кісіні алға өткізіп жіберіп, соңынан ердім. Табаны жерге тиген бетте, топтан бөлініп, Бабатаға қарай оқшау шығып кетті. Көк шалғында адымдап, кең тыныстап, біраз жер жүріп барды да аялдады. Еңкейіп бір түп жусанның басып үзіп алып, құшырлана иіскеді.

Бабатаның тұсындағы шошайып қана көрінген тау шоқылары жасыл сағыммен астасып, тербетіліп тұр.

Сол сәтте Тәкеңнің ішкі жан толқынысын аңғарту қиын да емес еді. Араға талай уақыт салып, төркініне асығып жеткен қыздай құлпырып, іштей түлеп тұр. Өткендегі көрген барлық тауқымет тәперіші естен шығып, дүниенің бар рахат-ләззаты туған жер төскейіне табан тіреген шақ па дерсің. Тәкең ішкі сезімнің әуенінде ұзақ тұратын сыңайы бар. Ақынға шабыт беретін, нешеме ойдың інжу-маржанының көмбесін ашар да осындай ілкі сәттер болса керек.

Автобус белгі берген сәт сырттағылар орындарына жайғасып, екеуіміз оқшау қалып қойғанымызды сездік. Орнымызға келіп отырған соң Тәкең:

– Осындай мінезі шәлкес асу дүниеде бар ма екен? – деп маған жүзін бұрды. Қақаған қыста ұйтқыған суырма алай-түлей ақшұнақ боранымен асу бермес қиын өткелдің қыс ауасындағы шәлкес мінезін еске түсірді.

– Альпі тауларындағы асулардан кем емес. Әр жердің өзіне тән мінезі болады. Теріскейдің ақпалы-төкпелі қытымыр мінезін осы асуға теліп қойған ба дерсің, – деді

Тәкең өз сауалына өзі жауап беріп.

Автобус жоннан түсіп, тегіс жолмен жүйіткіп келеді. Тәкең терезеден сыртқа ерекше ынтазарлықпен назар салып отыр. Сол қапталымыз тау шоқылары, аңғарлар. Қаламгер сезімге бөленіп, әрбір жота-аңғардан сұлулық, екінің бірі аңғара бермейтін сыр іздейді.

Асудан асқан соң автобус жүрісін үдетіп, Бүркітті тауының етегіне де таяды. Ұзақ жол жүріп келген жолаушылар көлігінің бұл тау етегіндегі салқын саялы бұлаққа аялдамай кететіндері сирек.

Көпшілікпен араласып, бұлақ басына біз де түстік. Шымырлап, тас арасынан шығып жатқан, ішкен кезде ызғары маңдайынан бірақ шығатын бұлақ суын кесеге толтырып алып, Тәкең мұздайлығынан шімірікпестен сіміріп салды. Бұлақ көзінен төменірек барып, қолын, бетін шайды.

Туған жердің суын ішіп, ауасын жұтып, иығынан ауыр жүк түскендей жеңілдеп, масайрап, жасарып кеткендей тотығыңқы жүзінде, ойлы жанарында бөлекше ұшқын бар.

– Осы бұлақтан жас кезімізде талай ат суғарғанбыз. Бабата, Жартытөбе, Аққолтықтың арасын атпен талай шарлағанбыз, – деді жылқы малын жанындай жақсы көретін қаламгер. Алматыда жүріп, ауылды сағынған сәттерінде қала шетіндегі ипподромда өтетін ат спорты жарыстарына барып, сәйгүліктерге сырттай бәс тігіп, Тәкеңнің назары түскен жүйріктердің шашашысына шаң жуытпай, мәре сызығын бірінші болып кескенінің куәсі де болып едік. Қазақ әдебиетінде тұлпарлар тағдыры жылқы малының қасиеті, мінез құлқы туралы қайталанбас керемет көркем шығармалар жазған Тәкеңдей қалам иесінің туған жерін жылқы малымен байланыстырып, сөз қозғағанында да тектілік жатыр еді.

Өзін тербеткен сезім әсерімен Тәкең үн-түнсіз отырып, Жартытөбеге қарай бұрылатын жол айырығына да келіп жеттік.

– Ал, бала сау боп тұр. Осында Дәліштің үйінде біраз аялдаймын. Жазсам деп жоспарлап келген біраз ойларым бар. Жоғалып кетпей, хабарласып тұр, – деп сыртқа беттеді.

Тәкеңді қарсы алған ешкім болмады. Топталып тұрған жолаушылардан оқшау бөлініп шығып, қос қапталын қарағаштар көмкерген асфальт жолға түсіп, ақырын аяңдап кетіп барады. Жон арқасы шып-шып терлеп, боз қырау

басқан селдір шашы көз алдымда қалып қойыпты.

* * *

Демалыс күндері Тәкеңді іздеп Жартытөбеге қарай жол тарттым.

Орталықтағы аялдамаға түсіп, Тәкең айтқан қарындасы Дәліштің үйін сұрап аяңдап келемін. Талай рет жолығып, сөйлессем де, тірі жазушымен кездесудің қаншалықты салмағы, жауапкершілігі барын жүрегім сезінетіндей, жасқаншақтай беретін тәріздімін.

Есік алдында самаурынға сексеуілді салып жатқан ақ жаулықты ана мені көріп жылы шырай танытып, аналарға тән мейірімділікпен қарсы алды.

Аз ғана амандық-саулық сұрасқан соң, мен Тәкең ағаны іздеп келгенімді айттым.

– Әлігінде ғана төмендегі саз жаққа аяңдап кетіп еді. Бұлақ маңында серуендеп жүрген болар, – деді Дәліш ана. – Үйге кіріп, дем алып, отыра бер. Ағаң келеді ғой.

Жалғыз өзім үйге бас сұғып отыруға ыңғайсызданып, Тәкеңнің соңынан баруды жөн көрдім.

Ауыл сыртындағы сазда қозы-лақ бытырай жайылып жатыр.

Айналасы ат шаптырым саздауыттың бас жағында айнадай ғана бұлақ жылғаланып ағады. Бұлақ жағасында жон арқасын беріп отырған жанның Тәкең екенін сыртынан таныдым.

Аяқ киімін шешіп, шалбарының балағын түріп, аяғын суға малып отыр.

Терең ойға шомған Тәкең қасына келген мені аңғарар емес.

– Ассалаумағалейкум, Тәкен аға! – дедім дауысымды қатайтыңқырап.

Ол кісі жүзін бұрып:

– Ә, сен бе, келдің бе? – деді естілер-естілмес қана.

Өнебойы ой жетегінде жүретін қаламгер әлгіндегі қиялын тербеткен ой сілемдерінен арыла алмаған сыңайлы.

– Шаруа қалай болып жатыр, бала? – деді менің тосырқап қалғанымды байқап.

Аудандық газеттегі қызметтің ауыр екенін, жетісіне үш рет жарық көретін газет бетін толтырып, уақтылы шығару үшін

түнде баспаханада қалып, жұмыс істейтінімізді айттым.

– Әрине, газет уақтылы шықпаса райком ұрсады, – деді Тәкең.

Тәкең ағамыз жас кезінде облыстық «Оңтүстік Қазақстан», республикалық «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газеттерінің мектебінен, журналистік қызметтің қазанынан қайнаудан өткен жан. Сондықтан айтқан әңгімем ол кісіге таңсық та емес.

– Жас кезден газетте қызмет істеген жақсы. Жортып жүріп жер көресің, елмен араласасың. Екінші бір залалды жағы – газеттің сырғытпа жазатын стиліне бір бой үйретіп алсаң, одан арылу оңайға соқпайды.

Тәкеңнің әрбір сөзі басқа келе бермейтін кереғар ойды алдыңа көлденең тастай салады. Өзіміз жүрек қалауымызбен таңдап алған мамандығымыздың ыстық-суығына күйіп жүрсек те, газетке жиі-жиі мақала жазып, фамилиямыздың шыққанына мәз болатын шағымыз еді ол.

– Редакторларың Тәуекел істеп жүр ме? – деп сұрады, сосын. – Осы жолы редакцияға бір соғып шықсам деп едім.

Аудандық газеттің бұрынғы редакторы Шернияз Серімбетовтің кабинетінен де ертеректе осы Тәкен аға ауылға келген сапарында көргенім бар еді. Аудандық газетті ұзақ жылдар басқарған қарт журналист Есіркеп Өмірбековпен де жолдастық, сыйластық қарым-қатынаста болғанын білетін едім. Ауылға келген сайын қаламгерлер еңбек етіп жатқан қасиетті шаңырақ аудандық «Молшылық үшін» газетінің редакциясына соғып кетуді өзіне парыз санайды. Редактормен, ондағы журналистермен сөйлесіп, аудан жаңалықтарымен танысып, газет тігіндісін ақтарып шолып шығады. Кейбір өзіне қажетті материал жарық көрген газет нөмірлерін қолқа салып алып кететін.

– Газеттерің науқаншыл шығар? – деді Тәкең аз-кем үзілістен кейін.

– Жыл он екі ай бойы науқаннан-науқан таусылған емес. Қыста – мал қыстату, көктемде егіс, жазда шөп, күзде – қой қашырымы, егін жинау дегендей.

– Өтірік ақпар тыйылды ма?

– Тыйылуы қиын-ау, совхоз ауданға береді, аудан жоғарыға береді, – дедім өмірден көргені мол жазушыны

алдаусырату мүмкін емес екенін іштей сезіп.

– СЖКА деген пәлекет мал тұқымын азғындатып жіберуге айналыпты. Қаракөл қойдың қозылары мысықтай. Мұның ақыры не болады?

Болашақты болжай алатын ойшыл қаламгер айналада болып жатқан қоғамдық құбылыстарға наразылығын сездіреді.

Аяқ киімін киіп, орнынан тұрып, екеуіміз ауылға қарай беттедік. Дәліш апамыз самаурынды қайнатып, ішке кіргізіп, дастарқан жайып қойыпты.

Шағын шатырлы үйдің түкпіргі бөлмесінде үстел үстінде жазушының қағаздары жаюлы жатыр. Ақ параққа әріптерді үлкен етіп жазатын Тәкеңнің жазулары көзіме ыстық басылды.

– Сен бала шай іше бер, мен... – деп Тәкең аға сөзінің соңын аяқтамай өзінің жазу бөлмесіне кіріп кетті.

Әлігінде сыртта отырып толғанып, басына жиған ой сілемдерін ақ қағазға түсіргенше асықты ма екен?

Дәліш анамыз екеуіміз екеуден-екеу дастарқан басында состиып отырмыз. Тәкеңнің тынышын алмайық дегендей өзге үй адамдары көзге шалынбайды.

Дәліш анамыз шай құйып беріп отырып, Тәкең келгелі бері үйден жазушыға сәлем бергелі келім-кетім кісі аяғы сайбырсымағанын, кешелі бері жазуға тұрақтап ден қойғанын әңгімеледі.

– Ағанды оңай тауып алыпсың. Кейде жалғыз өзі жаяулап Шиліөзен жаққа кетіп қалатыны бар.

Тәкеңнің талай шығармасына арқау болған Шиліөзен бұл үйден 2-3 шақырым жерде, селодан күн батысқа қарай үлкен қасқа жолды кесіп өтіп барады. Жаяу адамға едәуір жер сол Шиліөзенге Тәкең серуендеп барып, өзенге суға түсіп, дем алып қайтады екен.

Жазушының қарындасы Тәкеңнің қас-қабағына көбірек қарап, жағдайын жасауға құмбыл екенін байқатады. Ас ауқатын әзірлеп, бас еркін өзіне қалдырып, жанашырлықпен бәйек болып жүр.

Көкейіндегісін қағаз бетіне түсіріп болғандай Тәкең жадыраңқы көңіл күймен төрдегі көрпешеге келіп, жастық шынтақтап жата кетті.

Өзгеге көңілің тоярсың,
Өлеңді қайтып қоярсың, –

деп мұрнының астынан ыңылдап әндеткендей болды.

– Қалам шіркін бірде жүреді, бірде табандап баспай қалады.

Тәкен үйге совхоз директоры Өміртай Исаевтың, туысқан інілері Сапарбек пен Ахаштың жиі хабар алып, келіп тұратынын айтты. Көлікпен алып жүріп, ел аралатып, серуендеткісі келген ниеттерін білдірген екен, қаламгер әзірше жазумен оңаша бола тұрғысы келетінін айтып, қыдырысты кейінге қалдырыпты. Ел аралауға қаншалықты аңсары ауғанымен, өзін мазалаған көркем шығарма сұлбасын ақ қағаз бетіне түсіруге келгенде зор жауапкершілікпен қарайтынын байқатты.

– Кел, бала, карта ойнайық, – деді Тәкең менің қас қабағыма қарап. Орнынан тұрып, терезе жақтауындағы картаны алып, жастық шынтақтап жата кетіп, араластыра бастады.

Ол кісінің картадан «сызуды» префоранс ойынын жақсы көретінін білетінмін. Көңілді кездерінде: «Кел, бір сызып тастайық!» – деп қолқа салатын. Шахмат ойнауды ұнататын. «Бір арғымақты құрбандыққа шалдым», – деп бір атты алып тастап ойнайтын кездері де болыпты.

– Екеуміз-ақ қой, сызуға тағы бір адам керек, – деймін Тәкеңе қарап.

– Ой, сол да сөз болып па? Құдай берген Иван бар ғой! – деді Тәкең қолындағы картасын үш адамға таратып жатып.

Тәкең ойын басында картаға бар ықыласымен зейін қойды да, біртіндеп ойы жазып жатқан шығармасының желісіне ауды ма, жаңылысып кете берді. Ойын созылыңқырап барып аяқталды.

– Екеуіміз де ұтылған жоқпыз, Иван жарықтық ұтылды, – деді Тәкең.

Тәкеңнің және оның қарындасы Дәліш ананың әңгіме ауанының байқағаным – менің осы келісім жазушының жазуға құлқы соғып отырған шағында қол байлау болған тәріздімін. Сөздеріміз ширатылмай, жас та болсам, қонақ ретінде қас қабағыма қарағанымен, екеуінің де ойлары басқада екенін